Ә.Ә. Тәжекеев
Ж.Қ. Сұлтанжанов
Л.С. Бейсембаева

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.353.358

Әзілхан Әуезханұлы Тәжекеев[1], a.tazhekeyev@gmail.com,
Жетесби Қанапияұлы Сұлтанжанов[1], zhetesbi.sultanzhanov@mail.ru,
Ләззат Серікбайқызы Бейсембаева[2], lazatka@bk.ru
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;
[2]«Қазқайтажаңғырту» ШЖҚ РМК, Алматы, Қазақстан

2022 ж. Алтынасар қалашығында жүргізілген ғылыми-реставрациялық жұмыстардың нәтижелері*

Мақалада Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында орналасқан Алтынасар ескерткішіндегі ғылыми қайта қалпына келтіру жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. 2022 ж. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми қызметкерлері мен ҚР МСМ «Қазқайтажаңғырту» ШЖҚ Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының архитектор мамандары бірлескен экспедициясы Алтынасар қалашығының «кіші үй» қамалында қайта қалпына келтіру жұмыстарын бастады. Биылғы қалпына келтірілген нысандар қатарына қамал ішінде пайда болған жыра, қамал ішінде орналасқан «құдық», сыртқы қабырғаның сақталған бөліктері, қамал қабырғасының оңтүстік бөлігі және қамалдың тұрғын бөлмелері жатады. Бұған дейін осындай жұмыстар қалашықтың керуен сарайы мен шеңберлі жоспардағы қамалында жүргізілген болатын. 2022 ж. далалық маусымда аталмыш жұмыстар жалғасын тапты.

Түйін сөздер: Шығыс Арал маңы, ескерткіш, Алтынасар қалашығы, кіші үй, ғылыми реставрация

Азилхан Ауезханулы Тажекеев[1],
Жетесби Канапияевич Султанжанов[1],
Лаззат Серикбаевна Бейсембаева[2]
[1]Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан;
[2]РГП на ПХВ «Казреставрация», Алматы, Казахстан

Результаты научно-реставрационных работ, проведенных в 2022 г. на городище Алтынасар

В статье представлены результаты научно-реставрационных работ на памятнике Алтынасар, расположенном в Кармакшинском районе Кызылординской области. В 2022 г. совместная экспедиция научных сотрудников Кызылординского университета им. Коркыт Ата и специалистов-реставраторов Республиканского государственного предприятия на ПХВ «Казреставрация» МКС РК приступила к реставрационным работам в крепости «малый дом» городища Алтынасар. Среди отреставрированных объектов данного года можно отметить овраг, образованный внутри крепости; «колодец», расположенный внутри крепости; сохранившиеся части внешней обводной стены, южная часть стены и жилые помещения крепости. Ранее, работы в этом направлении проводились в караван-сарае и крепости круглой формы городища. Работы полевого сезона 2022 г. являются продолжением этих работ.

Ключевые слова: Восточное Приаралье, памятник, городище Алтынасар, малый дом, научно-реставрационные работы

© 2023 г. Тажекеев А.А., Султанжанов Ж.К., Бейсембаева Л.С.
**ҚР МСМ қаржыландырумен «Алтынасар қалашығындағы ғылыми-реставрация жұмыстары» атты жоба аясында 2020-2022 жж. іске асты*

Azilkhan Tazhekeyev[1],
Zhetesbi Sultanzhanov[1],
Lazzat Beisembaeva[2]
[1]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan;
[2]RSE on the REM «Kazrestavratsiya»

The results of the scientific and restoration work at the Altynasar settlement in 2022

The article presents the results of scientific and restoration work on the Altynasar monument, located in the Karmakshi district of the Kyzylorda region. In 2022, a joint expedition of researchers of the Korkyt Ata Kyzylorda University and specialists-restorer of the Republican state enterprise at the RSE on the REM «Kazrestavratsiya» of the MCS of the Republic of Kazakhstan began restoration work in the fortress "small house" of the Altynasar settlement. Among the restored objects of this year, one can note a ravine formed inside the fortress; a "well" located inside the fortress; the preserved parts of the outer bypass wall, the southern part of the wall, and the living quarters of the fortress. Earlier, work in this direction was carried out in the caravanserai and the fortress of the round shape of the settlement. The works of the 2022 field season are a continuation of these works.

Keywords: Eastern Aral Sea region, monument, settlement of Altynasar, small house, scientific and restoration work

Қызылорда облысы Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарының шекаралық аумақтарында ғылымда «Жетіасар мәдениеті» атауымен белгілі 50-ден аса ортағасырлық ескерткіш кешендері бар. Соның ішінде қалашықтардың бір тобы Жетіасар шатқалында шоғырланған. XX ғ. екінші жартысында бұл ескерткіштер археологиялық тұрғыдан Хорезм археологиялық-этнографилық экспедициясының жетекшісі С.П. Толстовпен, кейіннен оның шәкірттерімен жоспарлы түрде зерттелді [Толстов 1948; 1962; Аржанцева и др. 2018]. Дегенмен, қазіргі уақытқа дейін аталмыш ескерткіштерге ғылыми қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеді. Осы бағыттағы жұмыстарды 2020 ж. бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің археологтары мен «Қазқайтажаңғырту» ШЖҚ РМК реставратор мамандары бірлесіп қолға алды.

Жетіасар шатқалында орналасқан ескерткіштер тобындағы көлемі мен құрылымы жағынан да ең үлкені Алтынасар қалашығы (№3 Жетіасар) болып табылады. С.П. Толстов құрылымдық ерекшелігіне байланысты бұл ескерткішті – мықты қорғаныс жүйесі бар, сонымен қатар ішінде көптеген әртүрлі тұрғын үй құрылыстары бар қамалдар қатарына жатқызған [Толстов 1962]. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 54 шақырым жерде орналасқан қалашық төрт қамалдан тұрады: үлкен үй, кіші үй, керуен сарай, дөңгелек қамал. Ескерткіштің жалпы аумағы 17,4 га тең [Толстов 1948; Толстов 1962; Левина 1996].

Қайта қалпына келтіру жұмыстарының жүргізу әдістері. Сақталу жағдайын сараптау жұмыстары негізінде Сыр бойында орналасқан ескерткіштердің зақымдануының ортақ белгілері бар екені анықталды. Олар: эрозия процестерінен бекініс қабырғаларының негізінің бұзылуы; жоғарғы жазық горизонталь учаскелерде сайлардың пайда болуы, тік жазықтықтардың бұзылуы; ірі фрагменттердің қабырғадан бөлінуі – атмосфералық және антропогендік факторлардың әсерінен пахса блоктары арасындағы байланыстың бұзылуы, жарықтардың пайда болуы, жарықтардың кеңеюі; өсімдіктердің өсуі, өсімдіктердің тамыр жүйесінің кері әсері жатады.

Осы белгілеріне орай, Алтынасар қалашығындағы құрылыстарына қайта қалпына келтіру жұмыстары бірдей әдіспен жүргізілді:

1. Қабырғалардың негізін сыртқы және ішкі бөлігінен тазалау.

2. Беткі қабатты тығыздау.

3. Тас жаю арқылы қабырғаның негізін бекіту. Тас іргетасы, біріншіден, ұлғайтылған нығыздалған аймақты құру үшін, екіншіден, іргетасқа қысымды төмендету үшін, үшіншіден, жер асты суларының консервация құрылымына капиллярлық сорылуын болдырмау үшін қолданылады. Тығыздалған қабаттың үстіне тас қойылады. Олардың ішіндегі кернеулерді жою үшін тастар тиісті өлшемдерде болуы керек (ені кемінде 50 см және қалыңдығы 6 см артық емес).

4. Қабырғалардың биіктігі 2 метрден асқан жағдайда ағаштан бекіту құрылғысын дайындау.

5. Қабырғалардың жұмыс бөліктерін ағаш байламдармен нығайту – ескі және жаңа қабырғаның байланысын нығайту үшін диаметрі 10 см, аралығы 0,5 м қадаммен ағаш тақтайлар салу. Бекіткіштер қаңқа қабырғаларындағы тозған тауашаларды толтыру үшін тас негіздің үстіне орнатылады. Жұмыс процесінде құрылыс материалы (шикі кірпіш және саз ерітіндісі) материалды жақсырақ жабыстыру үшін суға малынған болуы керек. Алдын ала нығайтылған

бетті әлсіз жабысатын фрагменттерден тазалау жұмыстары жүрді.

6. Қабырғаның төменгі бөлігін өру – сазды ерітіндіге 40×20×10 см, саз кірпіш дайындау. Осы мақсатта жергілікті топырақты пайдалану арқылы әр нысанға 7000-14000 аралығында саз кесектер дайындалды.

7. Алаңның жоғарғы бөлігіндегі апаттық қабырғаны сазды ерітіндіге дайындалған көлемі 40×20×10 см саз кірпішпен қаптау.

8. Тұрғын бөлмелерді сазды ерітіндіге 40×20×10 см болатын саз кірпішпен қаптау.

9. Сабанды қосу арқылы жаңа қабырғаны сазды-топырақ сылақпен сылау.

10. Күріш қабығы бар сазды ерітіндімен қабырғаларды екінші рет сылау.

11. Эрозия барысында пайда болған шұңқырларды толтыру. Егер шұңқырдың диаметрі 15 см-ден үлкен болса қою сазды лаймен, ал егер кем болса сұйық сазды лаймен толтыру.


12. Қабырғаның үстіңгі бөлігін қою сазды ерітіндімен жабу.

13. Ақпараттық тақтайшалар орнату жұмыстары атқарылды [Тәжекеев және басқалары 2022].

Сонымен, өткен далалық маусымдарда жоғары да аталған әдістерге сай Алтынасар қалашығында қайта қалпына келтіру жұмыстары екі нысанда жүргізілген болатын.

2020 ж. Керуен сарай нысаны қайта қалпына келтірілді. Жалпы керуен сарай бес бұрышты пішінге ие. Алдыңғы қақпасының сақталған биіктігі 6–8 м. Нысанның артқы бөлігі нашар сақталған, қабырғалары бұзылып, биіктігі кішкене төбе түрінде ғана сақталған.

2021 ж. экспедиция мүшелерімен дөңгелек пішінді қамал қайта қалпына келтірілді. Қамалдың диаметрі – 51 м, қабырғалардың қалыңдығы – 2,5 м, сақталған биіктігі шамамен 4,5–5 м-ді құрайды. Бұл қамалдың да қабырғалары бұзылып төбе ретінде сақталған. Қабырғалардың сақталу деңгейіне бай-



1-сур. Кіші үйдің ауласында жүргізілген жұмыстар: 1 – жыраны қайта қалпына келтіру жұмыстарына дейінгі; 2 – кейінгі көріністері; 3 – «құдықтың» дейінгі; 4 – кейінгі көріністері
Fig. 1. Works carried out in the courtyard of a small house: 1 – view of the ravine before the reconstruction; 2 – view after; 3 – view of the “well” before; 4 – view after
Рис. 1. Работы, проведенные во дворе малого дома: 1 – вид оврага до начала реконструкции; 2 – вид после; 3 – вид «колодца» до-; 4 – вид после


ланысты қайта қалпына келтіру жұмыстарына 4 нысан белгіленді. Атап өту қажет, «Қазқайтажаңғырту» кәсіпорнының мамандары 2020 ж. жүргізген талдау жұмыстарында дөңгелек пішіндегі қамалда қайта қалпына келтіру жұмыстарына 5 нысан белгіленген болатын. Дегенмен, 2021 ж. жұмыстарды жүргізуге келгенде 5-ші нысан толығымен бұзылып, сақталмай қалған [Тәжекеев және басқалары 2022].

2022 ж. далалық маусымында қайта қалпына келтіру жұмыстары кіші үйде басталды. Ескерткіш басындағы талдау жұмыстары негізінде кезек күттірмейтін нысандар белгіленді. Оларға қамал ауласындағы жыраның пайда болуы; қамалдың ауласындағы шартты түрде аталған «құдық»; қамалдың оңтүстік қабырғасы; қамалдың жоғарғы бөлігіндегі екі тұрғын бөлмелері; қамалдың сыртқы қабырғаларының негізгі үш бөлігі жатады.

1) Жауын-шашынның әсерінен кіші үйдің ауласында ұзындығы 27 м жыра пайда болған. Жұмыс барысында жыра қайтадан арнайы құрылғымен нығыздала отыра топырақпен толтырылды (1-сур.).

2) Қамалдың маңайында көлемі 3×3,5 м болатын қазба орны сақталған. Біздің пікірімізше бұл қамалдың «құдығы» болуы мүмкін. Оның қазіргі уақыттағы сақталған тереңдігі 3,7 м болады. Бұл құдықтың да іші арнайы құрылғымен нығыздала отыра топырақпен толтырылды (2-сур.). Топырақ толтыру әдісі оның әр кезеңдерінде су құйып, топырақты отырғызу арқылы жүрді. Құдықтың беті нығыздалу үшін ашық қалдырылды. Келесі жылғы далалық маусымда құдықтың беті саз кесекпен өріліп, сырты сазды лаймен сыланады деп жоспарлануда.

3) Қамалдың сыртқы қабырғалары жауын-шашын әсерінен еріп, әр бөліктері төбе ретінде



2-сур. Кіші үйдің қорған қабырғалары: 1 – сыртқы қабырғаны қайта қалпына келтіру жұмыстарына дейінгі; 2 – кейінгі көріністері; 3 – қамалдың оңтүстік қабырғасын қайта қалпына келтіру жұмыстарына дейінгі; 4 – кейінгі көріністері

Fig. 2. Defensive walls of the small house: 1 – view of the outer walls before the start of reconstruction; 2 – view after; 3 – view of the southern wall of the fortress before the start of reconstruction; 4 – view after

Рис. 2. Оборонительные стены малого дома: 1 – вид внешних стен до начала реконструкции; 2 – вид после; 3 – вид южной стены крепости до начала реконструкции; 4 – вид после



3-сур. Қамалдың тұрғын бөлмелерін қайта қалпына келтіру барысы
Fig. 3. The process of reconstruction of the residential premises of the fortress
Рис. 3. Процесс реконструкции жилых помещений крепости



4-сур. Саз кесек пен топырақты обаның төбесіне шығаруға арналған автоматтандырылған құрылғы
Fig. 4. Automated device for delivering clay and soil chunks to the top of the barrow
Рис. 4. Автоматизированное устройство для подачи кусков глины и грунта на вершину кургана

ғана сақталған. Осы сақталған бөліктердің ішкі және сыртқы беттерінен контрфорс тұрғызылды (3-сур.).

4) Талдау нәтижесінде қамал қабырғасының оңтүстік бөлігінің сақталу деңгейі нашар болғандығы анықталды. Оңтүстік қабырғада көлемі 1×2 м болатын ойық бар. Бұл ойық жоғарыдағы тұрғын бөлменің едені езіліп, су төменге қарай ағу нәтижесінде пайда болған. Осыған байланысты қамал қабырғасының оңтүстік бөлігінде биіктігі 6 м-ге дейін жететін контрфорс тұрғызылды. Пайда болған ойық қам кесектермен өру арқылы және топырақпен толтыру арқылы бітелді.

5) Қамалдың үстінен тұрғын бөлмелерінің біреуі белгіленіп (№ 5 бөлмесі) қайта қалпына келтірілді. Атап өту қажет, «кіші үйдің» қазіргі уақытта сақталған биіктігі 22–24 м-ді құрайды. Тұрғын бөлмелерді қаптауға арналған саз кесектерді және топырақты жоғарыға жеткізу үшін ағаштан жасалынған жолы бар арнайы автоматтандырылған құрылғы пайдаланылды (4 сур.).

Қорытындылай келе, ескерткіштер тобы – қалалар мен қорымдар және жер суландыру жүйелерінің іздері сақталған Жетісасар оазисі бүгінгі күні тарихи келбетін жоғалтпаған аумақ болып табылады. Көп жағдайда, Жетіасар оазисінде орналасқан ескерткіштердің айналасына жаңа жолдар немесе ғимараттар түспеген. Егер жетіасар мәдениетінің мыңжылдық (Л.М. Левина бойынша, б.з.д. I мыңжылдығының соңы – б.з. IX ғ. басы) тарихы барын ескерсек, оны сақтау шараларын жүргізу негізгі мақсатымыз болуы қажет. Ал 2020–2022 жж. Алтынасар қалашығында жүргізіліп жатқан ғылыми қайта қалпына келтіру жұмыстары осы мақсатымыздың бастапқы шаралары.

ӘДЕБИЕТ

Аржанцева И.А., Болелов С.Б., Тажекеев А.А. Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттулерінің тарихы. М.: ОЛЕБАУК, 2018. 312 б.

Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. – I тысячелетие н.э. М.: Восточная литература, 1996. 396 с.

Тажекеев А.А., Султанжанов Ж.К., Курманиязов И.С., Бейсембаева Л.С. 2020–2021 жж. Жанкент және Алтынасар ескерткіштерінде жүргізілген ғылыми-қайта қалпына келтіру жұмыстарының нәтижелері // Маргулановские чтения – 2022: м-лы междунар. науч.-практ. конф. Алматы: ИА КН МНВО РК, 2022. С. 411–418.

Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.; Л.: АН СССР, 1948. 328 с.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: Вост. лит., 1962. 322 с.

REFERENCES

Arzhantseva, I. A., Bolelov, S. B., Tazhekeev, A. A. 2018. *Khorezm ekspeditsiyasynyn Sır onirindegi zerttulerinin tarikhy (The history of Syrdarya research by Khorezm expedition).* Moscow: “OLEBAUK” Publ. (in Kazakh, Russian).

Levina, L. M. 1996. *Etnokulturnaya istoriya Vostochnogo Priaralya. 1 tysyacheletiye do n.e. – 1 tysyacheletiye n.e. (Ethnocultural history of the Eastern Aral Region. 1st millennium BCE – 1st millennium AD).* Moscow: “Vostochnaya Literatura” Publ. (in Russian).

Tazhekeev, A. A., Sultanzhanov, Z. K., Kurmaniyazov, I. S., Beisembayeva, L. S. 2022. In: Onggaruly, A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulanovskiye chteniya–2022 (Margulan Readings–2022).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 411–418 (in Kazakh).

Tolstov, S. P. 1948. *Po sledam drevnekhorezmiyskoy tsivilizatsii (In seach of ancient Khorezmian civilization)*. Moscow; Leningrad: USSR Academy of Sciences (in Russian).

Tolstov, S. P. 1962. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta (Along the Oxus and Jaxartes ancient deltas).* Moscow: “Vostochnaya Literatura” Publ. (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.